

**Шілденің бірінші жексенбісі – Ұлттық домбыра күні*

Домбыра – ҰЛТТЫҢ ЖҮРЕК СОҒЫСЫ

ҚОС ІШЕКТІ ДОМБЫРАҒА ҚАЗАҚТЫҢ БҮКІЛ ТАРИХЫ СЫЙЫП ТҰРҒАНДАЙ КӨРІНЕДІ. ҚОС ІШЕП ҚАТАР КҮМБІРЛЕГЕНДЕ САЙЫН ДАЛАНЫҢ САМАЛЫ ЕСКЕНДЕЙ, БОЗ ДАЛАНЫҢ БОЗТОРҒАЙЫ ШЫРЫЛДАҒАНДАЙ, ҚАРТ КАСПИЙДІҢ ТОЛҚЫНЫ СЫР ШЕРТКЕНДЕЙ БОЛАДЫ. СОНДЫҚТАН ҚАЗАҚ ҮШІН ДОМБЫРА – ХАЛЫҚТЫҢ ЖАДЫН САҚТАҒАН ШЕЖІРЕ, ҰЛТТЫҢ ЖАН ДҮНИЕСІН СӨЙЛЕТКЕН АМАНАТ.

(Толығырақ 13-бетте)



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Қазақстан Республикасы Құрылтайының сайлауын тағайындау туралы

Қазақстан Республикасы Конституциясының 46-бабының 3) тармақшасына және 95-бабының 1-тармағына сәйкес ҚАЗҰЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау 2026 жылғы 23 тамызға тағайындалсын.
2. Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауға дайындықты және оны өткізуді ұйымдастырсын.
3. Қазақстан Республикасының Үкіметі, астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың әкімдері Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауды ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету жөніндегі барлық қажетті шараларды кідіріссіз қабылдасын.
4. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап колданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті **Қ.ТОҚАЕВ**

Астана, Ақорда, 2026 жылғы 1 шілде
№1338



Суреттер редакция мұрағатынан алынды



**Әлеуметтік мәселе*

Қайда барасыз? «... Алмалыға!»

ЖУЫРДА АТЫРАУДА АШЫЛҒАН «АЛМАЛЫ» ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫНАН ҚАЗІРДІҢ ӨЗІНДЕ 96 АДАМ ОҢАЛТУДАН ӨТТІ. ЗАМАНАУИ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАРМЕН ЖАБДЫҚТАЛҒАН ОРТАЛЫҚТЫҢ БІР МЕЗГІЛДЕ 150 АДАМҒА ДЕЙІН ҚАБЫЛДАП, КЕШЕНДІ ОҢАЛТУ ҚЫЗМЕТТЕРІН КӨРСЕТУГЕ МҮМКІНДІГІ БАР.

Орталық директоры Анар Каюпованың мәліметінше, әрбір қызмет алушының денсаулық жағдайына сәйкес жеке оңалту бағдарламасы әзірленіп, тәжірибелі мамандардың қатысуымен қажетті емдік және сауықтыру шаралары жүргізіледі. Мекемеде әлеуметтік-тұрмыстық, медициналық, психологиялық, басқа да бағыттар бойынша кешенді қызметтер ұсынылады.

– Қазір орталықта 85 маман сңбек етеді. Олардың қатарында дәрігерлер, мейіргерлер, психологтар, логопедтер, дефектологтар және өзге де бейінді мамандар бар. Мекемеде бассейн,



гидротерапия, физиотерапия, парафинмен емдеу, механотерапия кабинеттері және арнайы жабдықталған спорт залдары жұмыс істейді, - деді орталық директоры.

Емдік дене шынықтыру залы заманауи тренажерлармен жабдықталған. Бұл қызмет алушылардың физикалық белсенділігін арттырып, денсаулығын қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Орталықта медициналық оңалтумен қатар адамдардың қоғамға бейімделуіне де ерекше көңіл бөлінеді.

**Өңірлерде*

Шағын, бірақ әдемі парк

ИНДЕР АУДАНЫНЫҢ БӨДЕНЕ АУЫЛЫНДА ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТУДАН ӨТКЕН АРДАГЕРЛЕР САЯБАҒЫ САЛТАНАТТЫ ТҮРДЕ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ. ЖОБА АЯСЫНДА САЯБАҚ ТОЛЫҚ АБАТТАНДЫРЫЛЫП, ҚОҒАЛДАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛДІ. СОНЫМЕН ҚАТАР АПАТТЫ ДЕП ТАНЫЛҒАН ТҰРҒЫН ҮЙ СҮРІЛІП, ОНЫҢ ОРНЫ САЯБАҚ АУМАҒЫНА ҚОСЫЛЫП, БАЛАЛАР ОЙЫН АЛАҒЫ САЛЫНДЫ.

Салтанатты ашылу рәсіміне аудан әкімі Серік Нсанбаев қатысып, ауылдық елді мекендердің инфрақұрылымын дамыту, тұрғындарға жайлы қоғамдық кеңістік қалыптастыру бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасатынын айтты. Жаңартылған саябақта балалардың жас ерекшелігіне сай заманауи ойын құрылғылары орнатылған. Сондай-ақ тұрғындардың бос уақытын тиімді өткізуі мен салауатты өмір салтын ұстануына жағдай жасау мақсатында воркаут алаңы, волейбол және баскетбол алаңдары салынды. Енді бұл демалыс орны ауыл тұрғындарының серуендеп, спортпен шұғылданатын қолайлы қоғамдық кеңістігіне айналады.

Бек АЙДАРӘЛИ

ҚОҒАМ ИГІЛІГІ

10 Әлеуметтік кәсіпкерлік.
ОЛ ҚАНДАЙ КӘСІПКЕРЛІК?



ҚАЗ-ҚАЛПЫНДА

12 «Мен өмірді сүйемін!..»



ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

14 Тариф тағы талқыға түсті



**Ауа райы*

Күннің жаманы болмайды

АТЫРАУДЫҢ АУА РАЙЫ АДАМ ТАҢҒАЛАРЛЫҚТАЙ ӨЗГЕРДІ. ЖАЗ КЕЛСЕ ТӨБЕНДІ ТЕСІП, МИҢЫНДЫ КЕПІРІТІН ЫСТЫҚ ЖОҚ ҚАЗІР. «ЕРТЕҢ АТЫРАУДА 40 ГРАДУС ЫСТЫҚ БОЛАДЫ» ДЕП АПТА САЙЫН ХАБАРЛАМА ЖІБЕРЕТІН СИНОПТИКТЕРДІҢ ӨЗДЕРІ БҰЛ ЖАҒДАЙҒА ТАҢ-ТАМАША СЕКІЛДІ.

(Соңы 12-бетте)



Коллаж жасаған – Дүркен Мұхамбеталиев

«Мүгедектігі бар адамдар үшін әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінің қолжетімділігін қамтамасыз ету және Қолжетімділік картасын дамыту»

Өлеуметтік, көліктік және инженерлік инфрақұрылым объектілерінің қолжетімділігін қамтамасыз ету мемлекеттің саясаттың маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Негізгі міндет – әрбір адамның денсаулық жағдайына қарамастан мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің кедергісіз алуына, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт ұйымдарына және басқа да әлеуметтік маңызы бар объектілерге еркін баруына жағдай жасау.

Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласындағы ашықтықты арттыру, жеңе азаматтар, мемлекеттік мекемелер мен қоғамдық ұйымдар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылды жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі «Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау» ақпараттық порталын (бұдан әрі – Портал) әзірледі.

Порталдың негізгі мақсаты – мүгедектігі бар адамдарға объектінің қолжетімділігі туралы ақпарат беру және адамның жеке физикалық ерекшеліктерін ескеріп отырып, осы объектіге бару туралы шешім қабылдауына мүмкіндік жасау.

Порталдағы объектілер жергілікті атқарушы органдар тарапынан белгіленген алты критерий негізінде енгізіледі және өзектендіріледі: кіреберіс тобы; қозғалыс жолдары; қызмет көрсету аймағы; санитариялық-тұрмыстық үй-жайлар; ақпараттандыру және телекоммуникация құралдары; объект аумағы.

Осы критерийлерге сәйкес объектілердің қолжетімділігі бағаланады және төрт санат бойынша айқындалады: қолжетімді, ішінара қолжетімді, қолжетімсіз және мәліметтер жоқ.

Сондай-ақ Порталдың «Мекенжайлар тіркелімі» ақпараттық жүйесімен интеграциясы жүзеге асырылды, бұл мекенжай деректерінің дұрыс болмау жағдайларын болдырмауға мүмкіндік береді.

Портал арқылы мүгедектігі бар адамдар Қазақстан бойынша бейімделген объектілер туралы ақпаратты қарай алады. Тіркелген пайдаланушыларға объектілердің бейімделу сапасын бағалау, сондай-ақ пікірлер қалдыру және фотосуреттер жүктеу мүмкіндігі ұсынылған.

Портал деректерді жаңарту процесін автоматтандырады және объектілердің бейімделу деңгейі туралы нақты уақыттық режімде ақпарат алуға, сондай-ақ жүргізіліп жатқан бейімдеу жұмыстарының сапасын бағалауға мүмкіндік береді.

Интерактивті картадағы «Объектілерді іздеу» бөлімінде «Санаторийлер» атты жеке санат енгізілген. Аталған санатты таңдаған

кезде 168 санаторий-курорттық ұйым көрсетіледі, оның ішінде 114 ұйым (немесе 67%) Әлеуметтік қызметтер порталының өнім берушілері болып табылады.

Санаторийлерді іздеу Қазақстан бойынша толық немесе таңдалған облыс, аудан, объектінің атауы немесе мекенжайы бойынша жүзеге асырылады.

Сонымен қатар санаторийлерді мүгедектігі бар адамдар үшін қолжетімділігі бойынша: керу қабілеті бұзылған, есту қабілеті бұзылған, тірек-қимыл аппараты бұзылған адамдарға, сондай-ақ кресло-арбамен жүріп-тұратын адамдарға арналған объектілер ретінде қарау мүмкіндігі қарастырылған.

Санаторий-курорттық ұйымды таңдаған кезде объектінің қолжетімділігі туралы мәліметтер, сондай-ақ Әлеуметтік қызметтер порталымен интеграция арқылы алынған ақпарат көрсетілетін объект карточкасы ашылады:

- жалпы төсек-орын саны;
- ағымдағы күнге санаторий-курорттық ем қабылдап жатқан мүгедектігі бар адамдар саны;

- санаторий-курорттық ем алуға тапсырыс берген және кезекте тұрған мүгедектігі бар адамдар саны.

Сонымен қатар Интерактивті картада әлеуметтік, көліктік және өзге де инфрақұрылым объектілерінің қолжетімділігін бағалау бойынша баланс ұстаушыларға арналған онлайн-сауалнама енгізілген. Сауалнамадан өткеннен кейін баланс ұстаушыға объектінің қолжетімділігін қамтамасыз ету және анықталған талаптарға сәйкессіздіктерді жою бойынша ұсынымдар беріледі.

Қазақстан Республикасының Құрылыс кодексінің қабылдануына байланысты 2026 жылы 1 шілдеден бастап Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің аумақтық департаменттері жанадан пайдалануға берілетін объектілердің мүдегетігі бар адамдар үшін қолжетімділік талаптарына сәйкестігі туралы декларацияның келісуді жүзеге асыратын болады. Бұл объектілерді қабылдау кезеңінде қолжетімділік талаптарының сақталуын бақылауды қамтамасыз етуге, құрылатын инфрақұрылым сапасын арттыруға және жаңа кеңдіктердің пайда болуына жол бермеуге мүмкіндік береді.

Мүгедектігі бар адамдар үшін қолжетімділік бөлігінде келісілген объектілер Қолжетімділік картасына енгізілетін болады.
«Amanat» партиясының 2023–2027 жылдарға арналған Жол картасын орындау

мақсатында Интерактивті қолжетімділік картасына енгізілген барлық объектілерді бейімдеу жоспары бекітілді. Жыл сайын картаға енгізілген объектілердің 20%-ын бейімдеу қажет (2023 ж. – 20%, 2024 ж. – 40%, 2025 ж. – 60%, 2026 ж. – 80%, 2027 ж. – 100%).

Атырау облысы бойынша «Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау» ақпараттық порталының Интерактивті қолжетімділік картасына енгізілген объектілердің жалпы саны 2355 болған жағдайда, 2026 жылдың соңына дейінгі жоспар 80% немесе 1884 объектіні құрайды.

Жергілікті атқарушы органдардың мәліметтері бойынша 2026 жылғы 30 маусымдағы жағдайға сәйкес 1610 объекті бейімделген, бұл Интерактивті қолжетімділік картасына енгізілген объектілердің 68%-ын құрайды.

Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласындағы заңнама талаптарын сақтау мақсатында Министрліктің аумақтық департаменттері бекітілген тексеру жоспарларына, сондай-ақ келіп түскен шағымдар мен өтініштер негізінде еліміздегі объектілерде мүгедектігі бар адамдар үшін қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік бақылау жүргізіледі (пандустар, көтергіш механизмдер, кіреберіс тәсілдері, мүгедектігі бар адамдарға арналған автотұрақ орындарын орнату, көру қабілеті бұзылған адамдарға арналған ақпараттық материалдарды орналастыру, санитариялық-тұрмыстық үй-жайларды жабдықтау және т.б.).

Бұл ретте жұмыс тек сандық көрсеткіштерге қол жеткізуге ғана бағытталмағанын атап өткен жөн. Негізгі назар объектілерді бейімдеу сапасына аударылады. Қолжетімді орта мүгедектігі бар адамдардың өздігінен және қауіпсіз қозғалу мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс. Бұл ыңғайлы кіреберіс топтарының, пандустардың, санитариялық бөлмелердің, лифтілердің, мүгедектігі бар адамдарға арналған автотұрақ орындарының, таксидің көрсеткіштерін және кедергісіз ортаның өзге де элементтерінің болуын қамтиды.

Қолжетімді ортаны қалыптастыру – бұл тек заңнама талаптарын орындау ғана емес. Бұл әрбір азаматтың қоғам өміріне толыққанды қатысуына, білім алуына, еңбек ступіне, медициналық көмек пен мемлекеттік қорғалуды қызметтерді алуына жағдай жасау. Осы бағыттағы жұмыстар жалғасуда және мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып қала береді.

**Назгүл СӨРСЕМБИЕВА,
Халықты әлеуметтік қорғау
саласындағы бақылау бөлімінің
бас маманы**

Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.» филиалы барлық мүдделі тараптарды «Атырау облысындағы құрлық кешеніне 2026 жылға экологиялық әсер ету рұқсатын алуға өтінім құжаттарының жиынтығы» тақырыбы бойынша ашық жиналыс нысанындағы қоғамдық тыңдауға шақырады.

Өтетін күні мен уақыты: 2026 жылғы 11 тамыз, сағат 10:00.

Өтетін орны: Атырау облысы, Мақат ауданы, Доссор кенті, Г.Сүлейменова көшесі, 39, Мәдениет үйі.

Учаскенің географиялық координаттары: 47°15'19.980», 52°21'43.294», 47°15'19.980», 52°21'43.294».

Әсер ету аймағының географиялық координаттары: Оңтүстік — ендік: 47°11'05.40», 52°31'13.20». Батыс — ендік: 47°14'13.94», 52°22'29.23». Солтүстік — ендік: 47°18'19.14», 52°33'18.98». Шығыс — ендік: 47°13'37.25», 52°35'03.62».

Сондай-ақ қоғамдық тыңдауға қатысу мүмкіндігі ZOOM платформасында бейнеконференция байланысы арқылы келесі сілтеме бойынша ұйымдастырылған:

<https://zoom.us/j/96173899364?pwd=JTePAmsYnKuULbjaVbMuLRgKkwmPVp.1>

Конференция идентификаторы: 961 7389 9364

Кіру коды: 098866

Бастамашы: «Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.» филиалы, БСН 000241000874, Атырау қаласы, Смағұлов көшесі, 8 үй, тел.: +7 (7122) 02 07 03

Әзірлеушілер:

1. «ЭКО-Астана НР» ЖШС, мекенжайы: Астана қ., Сығанақ көп., 58/1 үй, 10 кенсе, эл. пошта мекенжайы: manager@ecoastana.kz, телефон: +7(7172) 33 04 37
2. «ЭКОЭКСПЕРТ» ЖШС, Қарағанды қаласы, Лобода көшесі, 40, тел.: +7(7122) 42 56 17, +7 (7212) 90 46 18, +7 700 484 7790, эл. адрес: info@ecoexpert.kz
3. «Sustainable ecology development» ЖШС, Алматы қаласы, Асқаров көшесі, 3, тел. +7 727 247 23 23, +7 727 247 26 26, +7 727 247 26 36, эл. пошта: sed@sed.kz

Жобалық құжаттама келесі сайттарда орналастырылған: <https://ndbecology.gov.kz>

<https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru>

Қоғамдық тыңдауға шығарылатын құжаттарға қатысты ескертулер мен ұсыныстар «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкі» ақпараттық жүйесінде <https://ndbecology.gov.kz> орналастырылады, сондай-ақ «Атырау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ атына жолданады: Атырау облысы, Атырау қ., Әйтеке би көшесі, 77, e-mail: atr.priroda@atyrau.gov.kz, тел.: +7 (7122) 35-45-91.

«Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.» филиалы мүдделі тараптардың барлығын «Қашаған кен орны нысандарын жайластыру. Теңіз кешені. Навигациялық жолдарды және аралдардың акваторияларын күрделі жөндеу» жобасы бойынша әсер етуге арналған экологиялық рұқсат алу үшін берілетін өтінім құжаттарының жиынтығы тақырыбында өтетін ашық жиналыс нысанындағы қоғамдық тыңдауға шақырады.

Өтетін күні мен уақыты: 2026 жылғы 14 тамыз, сағат 10:00.

Өтетін орны: Атырау облысы, Атырау қаласы, Дамбы ауылдық округі, Дамбы ауылы, Мардан Арыстанов көшесі, 30, Мәдениет үйі.

Учаскенің географиялық координаттары:
Ендік — 46°27'12.4" Бойлық — 52°14'26"

Сондай-ақ қоғамдық тыңдауға қатысу мүмкіндігі ZOOM платформасында бейнеконференция байланысы арқылы келесі сілтеме бойынша ұйымдастырылған:

<https://zoom.us/j/96050014763?pwd=IXbChsZyJlOjU0UzN04y9VrhjGHR.l>

Конференция идентификаторы: 960 5001 4763

Кіру коды: 082542

Бастамашы: «Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.» филиалы, БСН: 000241000874, Атырау қаласы, Смағұлов көшесі, 8, тел.: +7 (7122) 92-27-03

Әзірлеуші:

1. «ЭКОЭКСПЕРТ» ЖШС, БСН 920540000504, Мекенжайы: Қарағанды қ., Лобода көшесі, 40 ғимарат. Эл. мекенжайы: info@ecoexpert.kz, телефон нөмірі: +7 (7121) 42-56-17

Жобалық құжаттама келесі сайттарда орналастырылған: <https://ndbecology.gov.kz> және <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru>

Қоғамдық тыңдауға шығарылатын құжаттарға қатысты ескертулер мен ұсыныстар «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкі» ақпараттық жүйесінде <https://ndbecology.gov.kz> орналастырылады, сондай-ақ «Атырау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ атына жолданады: Атырау облысы, Атырау қ., Әйтеке би көшесі, 77, e-mail: atr.priroda@atyrau.gov.kz, тел.: +7 (7122) 35-45-59.

р/с	Сайлау учаскелерінің нөмірі	Сайлау комиссияларының орналасқан орны	Сайлау комисси- ясы мүшелерінің саны
1	2	3	4
Учаскелік сайлау комиссиясы мүшелері - 5			
1	№288 учаскелік сайлау комис- сиясы	Атырау қаласы, Қарабатан станциясының аумағы, NCOC компаниясының «Болашақ» мұнай мен газды кешенді дайын- дау зауытының ғимараты	5

Хабарландыру

«Светланд-Ойл» ЖПSC (БСН 920640000072), 2026-2028 жылдарда эсер етуге экологиялык рўксат алуға арналган материалдар (шығарындылар нормативтері, қалдықтарды басқару бағдарламасы, өндірістік экологиялық бағдарлама жобалары, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары) бойынша 2026 жылғы 7 тамызда ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізіледі:

– сағат 11:00-де Атырау облысы, Исатай ауданы, Забурын а.о., Зинеден ауылы, Қуанышбаев көшесі, 8, әкімшілік ғимараты. Онлайн қатысуға сілтеме:

<https://us05web.zoom.us/j/3280583178?pwd=PSNCDmsL6CwAosrKbDdTfEiprHfkyYhO.1&omn=81427582785>. Идентификатор: 328 058 3178, кіру коды: 00000.

– сағат 15:30-да: Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Мақаш а.о., Алға ауылы, Әбу Сәрсенбаев көшесі, 45 үй, Шабыт ауылдық мәдениет үйі. Онлайн қатысуға сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/88657451453?pwd=r5jwaYQNEUxIkTodaH9ueYhsPM5G1C.1> Идентификатор: 886 5745 1453, кіру коды: x62Xxj.

Эсер ету аймағының географиялық координаттары: 46°40'59", солтүстік ендік, 49°54'47" шығыс бойлық және 46°46'27,3" солтүстік ендік, 50°10'14,5" шығыс бойлық.

Бастамашы: «Светланд-Ойл» ЖПSC (БСН 920640000072), Атырау қ., К.Сәтбаев к-сі, 23Б, тел.: 8(7122)27-12-92, ecolog@svetland-oil.kz.

Құжаттама әзірлеушісі: «Eco guard» ЖПSC (БСН 150440013858), Қызылорда қ., Жанқожа батыр к-сі, 47, тел.: 87713384629, ecoguardkyzylorda@gmail.com.

Шығарылатын материалдармен, қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасымен танысу үшін сілтемелер: ndbecology.gov.kz, <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat/press/news/?lang=ru>

Қоғамдық тыңдаулар туралы қосымша ақпарат алу үшін байланыс: 87713384629, ecoguardkyzylorda@gmail.com.

Барлық ескертүүлەر мен/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдаулардың басталуынан 3 жұмыс күнінен кешіктірмей Ұлттық деректер банкі сайтында (ndbecology.gov.kz) және Атырау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы – Атырау қаласы, Әйтеке би көшесі, 77, atr.priroda@atyrau.gov.kz мекенжайлары бойынша қабылданады.